

МҰХАММЕД БЕН САЛМАННЫҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ**Уразғалиева Мадина Мақсатқызы**madinka.urazgalieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті,

«Шығыстану» мамандығы 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., А. Әлібекұлы

Соңғы жылдары Сауд Арабиясының халықаралық аренадағы беделі ханзада Мұхаммед бен Салманның тақ мұрагері ретінде сайланғаннан бері өзгеріске ұшырап келеді. Мұхаммед бен Салман, Сауд Арабиясы Корольдігінің тақ мұрагері, корольдікте біршама реформалар жүргізіп, шебер мұрагер ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Ханзада Мұхаммед бен Салман Сауд Арабиясының ең қуатты жас басшысына айналды. Оның таққа келген жолы корольдіктің барлық дәстүрлерін бұзумен сипатталады. Корольдіктің қазіргі заманғы тарихы, Мұхаммед бен Салманға дейінгі және ханзаданың тақ мұрагер ретінде сайланғаннан кейінгі кезең деп бөлуге болады.

Мұхаммед бен Салман толық аты Мұхаммед бен Салман ибн Абдул-Азиз Аль Сауд 1985 жылы 31 тамыз күні Джидда қаласында дүниеге келген. Тақ мұрагері өзінің білім жолын Эр-Риядтағы жеке мектепте бастады. Бала кезінен ақ әкесінің жанында жүріп, мемлекет істеріне қызығушылығын білдіре бастаған ол, сол кезден ақ корольдіктің 10 ең мықты студенттер қатарында болды. Мектепті тәмамдағаннан кейін, ол заң және саясаттану мамандығы бойынша жоғарғы дәрежелі білім алу мақсатында Король Сауд Университетіне оқуға түсті. Университет қабырғасында Мұхаммед бен Салман әкесімен бірге мемлекеттің саяси өміріне белсенді қатыса бастады. Ол бірнеше жыл жеке секторда қызмет атқарып, 2004 жылы әкесі Абдул-Азиз Аль Саудтың кеңесшісі ретінде тағайындалды. 2007 жылы болашақ ханзада университетті тәмамдап, корпоративтік басқару және қаржы саласында халықаралық тәжірибеден өтіп, өзінің қызметтік жолын бастады. Оның алғашқы қызметтік саласы жылжымайтын мүлік пен қор биржасында өз бастауын алды.

Мұхаммед бен Салман 10 жылдық қызметтік жолында көптеген лауазымдарда қызмет етті. 2007 жылы Университетті тәмамдағаннан кейін, мемлекеттік қызметке тұрмас бұрын, ол бірнеше жеке фирмалар құрып, біраз қызмет етті. Алғашқыда ол Эр-Рияд сарапшылар кеңесінің бас хатшысы ретінде қызмет атқарды, кейін Абдул-Азиз қоры төрағасының кеңесшісі және мемлекеттік емес Альбир (جمعية البر بأبها) қоғамдық даму мекемесінің кеңесшісі ретінде қызмет атқарды. Ханзада өзінің мемлекеттік қызметін Министрлер кеңесінің кеңесшісі ретінде бастап, 2 жылдай қызмет атқарды. Осы сәттен бастап оның қызметтік дәрежесі бірте-бірте өсе бастады.

2009 жылы ол сол кездегі Эр-Рияд провинциясының губернаторы ханзада Салман бен Абдул-Азиздің, яғни әкесінің арнайы кеңесшісі ретінде тағайындалды. Сол жылы Король Абдул-Азиздің зерттеу және архивтер қорының (Дарах) басқарушысының бас кеңесшісі ретінде қызмет атқарып, кейін 2013 жылдың наурызына дейін мұрагер ханзаданың кеңесінің жауапты қызметкері ретінде тағайындалды. Ол қызмет жолындағы талпыныстары мен қайырымдылық саласындағы әрекеттері үшін бірнеше марапаттарға ие болды. 2011 жылы Мұхаммед бен Салман Сауд Арабиясындағы жастардың білім және технология, мәдениет, өнер және кәсіпшілікті салаларындағы мүмкіндіктерін кеңейтетін, сонымен қатар бизнес-инкубация бағдарламалары арқылы мемлекеттегі жастар арасындағы жеке бизнес бастамаларын қолдайтын коммерциялық емес MISK фондын ұйымдастырды [1].

2013 жылы Корольдің жарлығы бойынша Мұхаммед бен Салман сол кездегі ханзада Салманның әкімшілігіндегі министр дәрежесіне тең келетін басшысы және арнайы кеңесшісі ретінде сайланды. Ал 2014 жылы Министрлер кабинетінің мүшесі және мемлекеттік министр ретінде лауазымға ие болды.

Мұхаммед бен Салман мемлекеттің ішкі саясатына ғана емес, сыртқы саясатына да белсене араласа бастады. Сауд Арабиясы Корольдігінің Йеменге қатысты саясаты көбінесе көрші мемлекетте геосаяси үстемдікті сақтау және қауіпсіздікке төндіретін тәуекелді азайтуға бағытталған. 2014–2015 жылдары аралығында Сауд Арабиясы билігі Таяу Шығыс пен Африка елдері коалициясын басқарып, Йеменде әскери интервенция бастады. Сауд Арабиясының қорғаныс министрінің қызметін атқарған Мұхаммед бен Салман хуситтермен күрес жүргізу барысында ықпалын жоғалтқан президент Абд Раббу Мансур Хадидың президенттік лауазымын қайта қайтару мақсатында Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің Йемендегі үйлестіру науқанын басқарды. Жеңіске жетудің тез жолын жобалаған Сауд Арабиясының мұндай әскери араласуы 7 миллиондай адамды аштық пен ауруға әкелген қатыгез соғысқа айналды [2]. Бұл апатты жағдай Сауд Арабия үшін адам өмірі мен үлкен ақша жоғалту салаларына алып келді. Сауд арабиясының беделіне зақым келтірмеу мақсатында, үкімет бұл сәтсіз жағдайды Иран шиитерге жақын және хуситтерді қолдайды деп Иранның мойнына ілді.

2015 жылдың 23 қаңтар күні король Абдалла ибн Абдул Азиз Аль-Сауд өмірден озды. Сол жылы Салман ибн Абдул-Азиз Аль Сауд король ретінде сайланып, ал оның баласы Мұхаммед бен Салман тарихтағы ең жас қорғаныс министрі ретінде қызметке кірді. Король Салман өзінің баласы Мұхаммед бен Салманды таққа отырғызу мақсатында басқа ханзадаларды жолдан алу тактикасына көшті. Мысалы, осы жылы король Абдалла ибн Абдул Азиз Аль-Сауд інісі ханзада Мукрин бен Абдул Азизді қызметінен қуып, өзінің немере інісі Мұхаммед бен Найефті мұрагер ханзада ретінде сайлады, осылайша Мұхаммед бен Салман мұрагер ханзаданың орынбасары ретінде тағайындалып, таққа мұрагер болуға бір қадам жақындады. Осылайша, Мұхаммед бен Салман премьер-министрдің екінші орынбасары, қорғаныс министрі, корольдік сарайдың басшысы және экономикалық даму жөніндегі кеңестің төрағасы секілді лауазымдарға ие болды. Сарапшылардың айтуы бойынша, бірде-бір ханзада жас кезінде мұндай лауазымдарға ие болмаған. Осы қызметтерге ие болған ханзада, ендігіде тақтың артында тұрған басты күш ретінде саналды.

2016 жылдың 2 қаңтарында саудиялық режим әйгілі шииттік дін қызметкері және аль-Саудтың сыншысы шейх Нимр аль-Нимрді, 3 шииттік белсенділерді және корольдіктегі аль-Қағиданың террористтік шабуылдарына қатысты деп айыпталған 43 сүннетті өлім жазасына кесті. Жоғарыда айтылып кеткен Йемендегі соғыста жеңіліске жеткен Сауд Арабиясы, режимнің күшін көрсету және шииттерді қорқыту мақсатында өлім жазасын қолданды. Сондықтан, Мұхаммед бен Салманның экономикалық және саяси әрекеттері үлкен дауға айналды. Сондай-ақ, мемлекет ішінде жас ханзаданың іс әрекеті сынға ұшырады. Осыған орай, тақ мұрагері эль-Авамийяда қоныстан шиитерге қарсы соғыс ашты. Яғни, тақ мұрагерінің тапсырысымен, тұрғындардың рұқсатынсыз эль-Авамийяда орналасқан аль-Мусавара ескі ауданын бұзу туралы жаңа жоспарын іске асырмақ болды. Көшуге қарсы тұрған халыққа қарсы оқ жаудырып, нәтижесінде 12-25 бейбіт халық қаза тапты. Осылайша, саудия режиміне қарсы радикалды белсенділерді жойылып, Салман және оның серіктестерінің компанияларына жаңа инвестициялық шекаралар ашуға жол берілді [3].

2017 жылы король Салман ибн Абдул-Азиз Аль Сауд 2015 жылы тақ мұрагері ретінде сайланған Мұхаммед бен Наефті тақтан қуу туралы жарлық шығарып, оны Джиддада үй қамауына алды. Осылайша, ол өзінің баласы Мұхаммед бен Салманды мұрагері ретінде таққа отырғызды. Халықаралық ақпарат агенттіктері мұндай ерекше қадамға «сарайдағы төңкеріс» деген ат берді [4. 167-б.]. Мұндай жағдай тек 1933 жылы Абдул Азиз Аль-Сауд өзінің баласы Саудты таққа отырғызу мақсатында барлық ағаларының көзін жойған кезде ғана орын алған.

Мұхаммед бен Салман таққа келмес бұрын және өзінің таққа отырар жолын тазартпас бұрын да мемлекеттің экономикалық секторына және сыртқы саясатына жауапты адам ретінде саналды. Аль-Сауд отбасының Адалдық кеңесі мүшелері Мұхаммед бен Найефті корольдікте билік етуге жарамсыз деген жарлық шығарып, жас ханзада Мұхаммед бен Салманға ант берген.

Таққа келуімен, Мұхаммед бен Наеф басқарған барлық құрылымдар, яғни, саясат және қауіпсіздік кеңесі, сыртқы және ішкі саясат бөлімдері, төтенше жағдай министрлігі және

мемлекеттің қауіпсіздік басқармасы Мұхаммед бен Салманның қол астына өтті. Осылайша, корольдіктің барлық басты қауіпсіздік күштері, яғни, қорғаныс министрлігі, ұлттық қорғаныс министрлігі және ішкі істер министрлігі тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманның бақылауына өтті.

2017 жылы король Салманның жарлығымен Коррупцияға Қарсы Ұлттық Комитет құрылып, бұл комитетті тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман басқарды. Комитет мемлекеттік қаржы саласында антикоррупциялық рейдтер жүргізіп, 300-ге жуық корольдік отбасының жоғары лауазымды мүшелерін, 11 ханзаданы, кәсіпкерлерді және басқа да элита өкілдерін қамауға алды. «Boulevard Voltaire» француз агенттігінің хабарлауынша, корольдікте кейін 48 сағат ішінде тағы 1300 азамат қамауға алынды. Жаппай қамау барысында, Абдул Азиз ибн Фахд қаза тапты. Мұхаммед бен Салман ғұламар кеңесінің саяси маңызын төмендету мақсатында діни қызметкерлерді және имамдарды жаппай қамауға алды деген хабар пайда болды. Сауд Арабиясы саясатының аналитері, шенеуніктер мен ханзадаларды қамауға алу процесі, жас ханзаданың корольдіктегі билікті өз қолына біріктіру әрекеттері деген болжамдар жасайды. Осыған байланысты, Мұхаммед бен Салман тақ мұрагері ретінде сайланғаннан кейін, көптеген басқа ханзадалар жас ханзадаға қолдау көрсетуден бас тартты. Француз «Boulevard Voltaire» агенттігінің мәлімдеуінше, осы жағдайлар басталмас бұрын, Америка Құрама Штаттары президентінің күйеу баласы Джаред Кушнер Сауд Арабиясына бейресми сапармен келген болатын. Яғни, комитеттің асығыс құрылуы және айыптаулардың шығарулы тікелей Кушнердің жоспары деседі [5. 99-б.].

Комитеттің ең басты әрекеті ұлттық гвардияның қолбасшысы Мутаб бен Абдалла ханзаданы қамауға алып, тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманды осы гвардияның басшысы ретінде тағайындау болды. Коррупцияға қарсы комитеттің құрылуы, ханзадаға саяси алаңды «тазартуға» және өзінің күшін кеңейту мақсатында Сауд Арабиясының саяси-экономикалық өмірін трансформациялау негізінде құрылған науқан. Мұхаммед бен Салманның сыншылары бұл жас ханзаданың жолындағы саяси қарсыластарын жоюға бағытталған қадамдар деген сын айтады [6. 31-б.].

Мұхаммед бен Салманның таққа келуі біраз наразылықтар тудырды. Наразылық оты Мұхаммед бен Найефті лауазымынан қуып, қамауға алғаннан кейін өрши түсті. Мысалы, 2015 жылы The Guardian веб-сайтында тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманды тақтан құлату туралы Абдул Азиздің балалары қолдаған жасырын хат жарияланды. Бұл дегеніміз, жаңа биліктің орнауы корольдік отбасы мүшелерінің арасында жағымсыз жағдайды тудырды. Мұхаммед бен Салман режимінің сыншылары, мұндай қадамды саяси қарсыластарының көзін жоюға бағытталған деген мәлімдеме жасады [6. 31-б.].

Жас ханзада өзінің серіктестерін қолдап, оның сыртқы саясатына сыни қарайтындарды жазалайды. Қазіргі уақытта тақ мұрагері барлық сыртқы саяси істерді өзі жүргізуде. Осыған орай, саудиялық саясаткер Мұхаммед аль-Яхья мемлекеттің ішкі саясаты, экономикалық басқарылуы және елдің сыртқы қауіпсіздігі тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманның қолында деген пікір айтады. Қазіргі оның нақты позициясы, оны елден тыс жерде «нағыз король» ретінде санауға барлық себептер туғызады. Жас ханзаданың билігі астындағы Сауд Арабиясы, қас жауы Израильмен тығыз ынтымақтастық орнатуға тура келсе де, Корольдікті аймақтағы ең мықты державаға айналдыру мақсатын нық ұстанатыны анық. Әрине, мұндай ұстанымдар мемлекет ішінде елеулі толқуларға алып келуі ықтимал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. "مسك الخيرية" مؤسسة محمد بن سلمان الخيرية // <https://misk.org.sa/about-misk-ar/>
2. Farah Najjar and Khalid Al-Karimi., "Saudi Arabia's war in Yemen a strategic failure," // Al Jazeera, August 23 2017, <https://www.aljazeera.com/features/2017/8/23/saudi-arabias-war-in-yemen-a-strategic-failure>
3. Rosie Bsheer., "How Mohammed bin Salman Has Transformed Saudi Arabia" // The Nation,

21.05.2018.

<https://www.thenation.com/article/archive/how-mohammed-bin-salman-has-transformed-saudi-arabia/>

4. Mehmet Akif Koç., “Interpretation of the Rise of the Crown Prince Muhammad bin Salman and Saudi Foreign Policy According to the Barakah Circle Theory” // Journal of Islamic Jerusalem Studies, 2019, 19(2), pp. 165-180.

<https://www.researchgate.net/publication/338007520> Interpretation of the Rise of the Crown Prince Muhammad bin Salman and Saudi Foreign Policy According to the Barakah Circle Theory

5. Бибикова О., “Реформы в Королевстве Саудовская Аравия” //Россия и мусульманский мир, 2019, с. 88-103.

<https://cyberleninka.ru/article/n/reformy-v-korolevstve-saudovskaya-araviya/viewer>

6. Cinzia Bianco., “Mohammed bin Salman’s Reforms: Obstacles, Opposition and Questions of Stability in Saudi Arabia” // Saudi Arabia at a Crossroads, November 2018, pp. 7-115.

<https://www.researchgate.net/publication/329035292> Mohammad Bin Salman's Reforms Obstacles Opposition and Questions of Stability in Saudi Arabia